



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында, Наурыз мейрамы қарсаңында Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театрында «Ұлттық киімдер – халық қазынасы» атты ұлттық киімдердің дәстүрлі дефиле-байқауы өтті.

Бұл жолы шығармашылық байқауға Көкшетау қаласының білім бөлімінің қолдауымен өз оқу орындарында іріктеуден өткен жеті мектептің 9-11 сынып оқушылары қатысты.



Қатысушылар қазақтың ұлттық дәстүрлеріне сай әзірленген киім үлгісін таныстырып, бейнеролик ұсынып, өз шығармашылық қабілеттерін ортаға салды.

Байқаудың қазылар алқасы өңірдің танымал тұлғаларынан құралды: **Юлия Желобкова** – балалар көркемсурет мектебінің директоры, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі; **Құралай Идрисова** – педагогикалық еңбек ардагері, «Мәдениет қайраткері» атағының иегері; **Алия Ахетова** – педагогикалық еңбек ардагері, жазушы және публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның білім беру ісінің құрметті қызметкері; **Гүлбану Мажитова** – қалалық білім бөлімінің әдіскері; **Бақыт Мұхамедрахимова** – ақын, аудармашы; **Гүлбара Намазбековна Нурканова** – Қазақстан Республикасының этникалық дизайнерлер одағының мүшесі, Ақмола облыстық қолөнершілер одағының төрайымы; **Ерлан Жақымұлы Закирьянов** – облыстық әкелер одағының төрағасы, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы төрағасының орынбасары; **Фаим Джумабеков** – қалалық мәслихат депутаты.



Қазылар алқасының мүшелері жеңімпазды, жүлдегерлерді және номинация иегерлерін келесі критерийлер бойынша анықтады: ата-баба дәстүрлерін ескере отырып әзірленген заманауи киімдегі авторлық идеяның болуы, сахналық мәдениет, таңдалған киім үлгісінің эстетикасы.

Байқау қорытындысы бойынша № 6 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы Дильнара Баетова бас жүлдені жеңіп алып, символдық лента мен диадемаға, сондай-ақ Фаим Джумабековтың бағалы сыйлығына ие болды. Бірінші орынды №17 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Иная Молдабаева иеленді. Екінші орын №21 мектеп-лицейінің тоғызыншы сынып оқушысы Медина Ғазизоваға, ал үшінші орын №6 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы Амина Игенбайға берілді.

№20 мектеп-гимназиясының оқушысы Айлинур Мукушева, №9 орта мектептің оқушысы Наргиз Магазумова, Красный Яр №2 орта мектебінің оқушысы Амина Тоқсамбаева, №7 орта мектептің оқушысы Мәлдір Елубай номинациялар бойынша грамоталармен марапатталды. Барлық қатысушылар байқау ұйымдастырушыларынан естелік сыйлықтар алды.



Іс-шара №6 мектеп-лицейінің ұстаздары мен оқушыларының концерттік қойылымдарымен жандана түсті. Байқауды мектебіміздің мұғалімдері Маржангүл Нукенова мен Ержан Есимов жүргізді.

Мерекелік сайыс жоғары деңгейде өтті. Бұл №6 мектеп-лицейінің бүкіл педагогикалық ұжымы жүргізген ауқымды дайындығының нәтижесі болды. Атап айтқанда, мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ақмарал Жайлюбаева мен Александра Наумова, хореограф Дина Орманшина, педагог-ұйымдастырушы Виктория Полещук, аға тәлімгер Жандәулет Бердібеков, информатика пәнінің мұғалімі Мадияр Рысқұл және музыка пәнінің мұғалімі Ұлжан Базарова зор үлес қосты.

Қазылар алқасы бұл қалалық байқауды дәстүрлі түрде өткізуге ұсыныс білдірді.

№6 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,  
Мадина Қадырбек

Фото: Борис Наенко